*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.*
*ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497*

**ПСИХОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ/**
**PSYCHOLOGY SERIES / СЕРИЯ ПСИХОЛОГИЯ**

ҒТАМР 15.41.49
Ғылыми мақала

*DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-148-3-183-202*

# Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің копинг-стратегиясының психологиялық ерекшеліктері

**Г.Ш. Ақымбек[1], Г.Ж. Меңлібекова[1], А.К. Махадиева[2], О.Н. Ерниязов[3]**

*[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*
*[2] Шымкент университеті, Шымкент, Қазақстан*
*[3] Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан*

*(E-mail: agsh999@mail.ru, gmen64@mail.ru, asema_2189@mail.ru, Planeta_79@mail.ru)*

**Аңдатпа.** Жеке тұлға үшін мәселелік жағдайда күресу немесе жеңу стратегиясын таңдау өте күрделі және қарама-қайшылықты процесс. Күресу стратегиялары жеке тұлғаның логикасына, жағдайдың маңыздылығына және ішкі психологиялық резервтерге сай жүзеге асады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, құрбан әйелдердің тиімді мінез-құлық моделін әлсіретуші фактор болып табылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алудың бір тәсілі, құрбан-әйелдердің стресстік жағдайда қолданатын копинг стратегиясын анықтау болып табылады.

Зерттеуде копинг феномені және оның құрылымына анықтама беріліп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің қиын стресстік жағдайда қолданатын копинг стратегияларын қарастырған шетелдік зерттеулерге талдау жасалынған. Эксперименталды зерттеуде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер мен қалыпты отбасындағы әйелдердің өмірлік қиын жағдайда жиі қолданатын копинг стратегияларын салыстыру үшін С.Хобфоллдың «Стресстік жағдайларды жеңу стратегиялары (SACS)» сауалнамасы қолданылды. Зерттеуден алынған нәтиже бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер стресстік жағдайда көпшілігінде пассивті копинг стратегияны қолданатындығы, яғни мәселені шешуден қашады немесе асоциалды стратегияны, агрессивті әрекеттерге жиі баратындығы анықталды. Математикалық талдаудан алынған нәтиже бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер мен қалыпты отбасындағы әйелдердің қолданатын копинг стратегиялары арасында ешқандай айырмашылық анықталған жоқ ($t>0.005$). Құрбан-әйелдердің күресуші мінез-құлықтың конструктивті копинг-стратегияларының жалпы индексі төмен дәрежені көрсетті. Бұл дегеніміз құрбан-әйелдер жолдасынан, онымен кездесуден қашып, сақтық әрекеттерге баратын тікелей, пассивті, асоциалды жеңу стратегияларын жиі қолданады. Сондай ақ қалыпты отбасындағы әйелдердің де жалпы конструктивтілік дәрежесі төмен. Оған себеп қалыпты отбасындағы әйелдерде стресспен күресуде просоциалды стратегияның ішінде әлеуметтік байланысқа түсу мінез-құлық моделі төмен және мәселені шешуден қашады, ассертивті, сенімді әрекеттерге ұмтылмайды.

Зерттеуден алынған нәтижелер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болғаны әйелдерді әлеуметтік-психологиялық оңалту жұмыстарында қолдануда маңызды болып табылады. Өйткені құрбан-әйелдерде конструктивті копинг-стратегияларды қолдануға бейімдеу, зорлық-зомбылықтан шығудың бір жолы болып табылады.

**Түйін сөздер:** копинг-стратегия, күресуші мінез-құлық, құрбан-әйел, стрестік оқиға, конструктивтілік индексі, просоциалды стратегия, асоциалды стратегия.

**Түсті: 12.06.2024; Жөнделді: 31.07.2024; Мақұлданды: 20.08.2024; Онлайн қолжетімді: 25.09.2024**

## Кіріспе

Қазіргі өмір жағдайының дамуы және күрделенуі, әлеуметтік жағдайдың болжамсыздығы мен тұрақсыздығы адамның өмірлік қиындықтарды жеңу қабілетінің жоғарылауын талап етеді. Бүгінгі күні өмірлік қиындықтар, стресс құбылысының себебіжұмыс пен отбасылық қатынастардан бастап, елдегі және жалпы әлемдегі жағдайға дейінгі күнделікті кездесетін барлық нәрсені айтуға болады. Бірақ адам ағзасы үнемі тепе-теңдікті қажет ететін күйде болғанды қалайды. Өмірде болып жатқан оқиғалар, соның ішінде адамдардың бір-біріне деген қатынасының салдарынан, бұл тепе-теңдік жүйелі түрде бұзылады, нәтижесінде ағза өз мүмкіндіктерінің шегінде жұмыс істеуге мәжбүр болады. Алайда адам сыртқы жағдайлардан болған қысымды бейтараптандырып кез-келген ауырлықтағы стрестік жағдайларды жеңе алады.

Психология ғылымында адамның қиын өмірлік оқиғаларды жеңу процестері әдетте жеңу, бейімделу мінез-құлқы немесе копинг мінез-құлық (ағылш. соре-жеңу, басқара алу) ретінде айтылады [1]. С.К.Нартова-Бочавердің көрсетуі бойынша рессейлік психологияда оны «адаптивное», «совладающее поведение» немесе «психологическое преодоление» деп аударады. «Coping» (жеңу, күресу) терминінің мәні, адамның қиын, экстремальді жағдай талаптарына неғұрлым тиімді бейімделе алуды көрсетеді. «Coping behavior» («жеңуші мінез-құлық», «күресуші мінез-құлық») ұғымы әртүрлі қиын жағдайлардағы адамның мінез-құлқын сипаттау үшін қолданылады. Сонымен, С.К.Нартова-Бочавер «уақыт өте келе «coping» ұғымы экстремалды жағдайлар мәселесінен алшақтап, өмірдің бетбұрыс кезеңдеріндегі адамдардың мінез-құлқын сипаттау үшін, содан кейін созылмалы стрестер мен күнделікті шындық жағдайында сәтті қолданыла бастағанын» айтады [2].

«Coping» терминін алғаш рет 1962 жылы L.Murphy қолданды. Даму дағдарыстарынан туындаған талаптарды жеңудегі мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқын зерттей отырып, автор стрестік жағдайға бейімделу процесінде адамның туа біткен және жүре пайда болған (сараланған) мінез-құлқын анықтады. L.Murphy (1974) анықтамасы бойынша, «копинг» термині адамды қолайсыз жағдайға қалдыратын қауіпті болсын немесе қуанышты, қолайлы жағдайларда қандай да бір жаңа жағдайларды құру ұмтылысын білдіреді [3].

Копинг феноменін қарастыру аясында Е.П.Ильин [4] мынандай құрылымды көрсетеді:

1) копинг-әрекет;
2) копинг-мінез-құлық стратегиясы;
3) копинг-ресурстар;
4) копинг-мінез-құлық;
5) копинг-стиль.

Копинг-әрекет – жеңуді қажет ететін жағдайларда әртүрлі дәрежеде қолданылатын ойлар, сезімдер және әрекеттер.

Копинг-мінез-құлық стратегиясы – адамның стресті жеңу үшін жасаған әрекеттері. Бұл түсінік стресті жеңу үшін қолданылатын когнитивті, эмоционалды және мінез-құлық стратегияларын, жалпы алғанда, күнделікті өмірдің психологиялық қиын жағдайларын біріктіреді.

Копинг-ресурстар – стрестік шиеленістік жағдайларға оңтайлы бейімделуге мүмкіндік беретін тұлғалық және әлеуметтік орта сипаттамаларының жиынтығы.

Копинг-мінез-құлық – бұл копинг-стратегияларды қолдана отырып, копинг-ресурстар негізінде жүзеге асырылатын және адамның өмірлік мәселелерін шешуге дайын екендігін көрсететін мінез-құлық түрі.

Копинг-стиль – адам стрессті жеңу үшін біріздділікпен қолданатын тұжырымдамалық ұқсас әрекеттерді білдіретін копинг әрекеттер немесе копинг-стратегиялар.

Копинг психолологиялық стресті азайтатын және құрбан болған адамның тіршілік етуі\өмір сүруге деген ұмтылысын мейлінше арттыруға көмектесетін маңызды әдіс деп қарастырылады. Әйелдердің қиындықтарды жеке деңгейде жеңу стратегияларына арналған зерттеулер олардың макродеңгейдегі құқықтары мен мүмкіндіктерінің кеңейту үшін үлкен маңызы бар [5].

Кейінгі уақытта күресу механизмдерін зерттеу психологиялық стресті зерттеумен тығыз байланысты болды. Қазіргі уақытта шетелдік психологиядағы қиын жағдайлармен күресуді зерттеу үш негізгі бағытта жүргізілуде. Бірінші бағыттың өкілдері ең қиын жағдайларды талдауға көп көңіл бөлді, себебі қиын жағдай күресу стиліне қатты әсер етеді деп көрсетеді [6]. Екінші бағыт шеңберінде жеке тұлғаның күрделі жағдайлармен күресудің белгілі бір стратегияларына әсерін анықтайтын тұлғалық айнымалылардың әсеріне баса назар аударды (P.Kosta, R.Makkei, G.Hynes және т.б.). Көптеген жұмыстар әлеуметтік ортаның копинг мінез-құлыққа, адамның үлкен және кіші қоғамға (этникалық топ, әлеуметтік қабат) жататындығына, сондай-ақ жас ерекшеліктеріне, жыныстық рөлдік ерекшеліктеріне әсерін зерттеуге арналған. Үшінші бағыттың өкілдері (R.Lazarus, S.Folkman және т.б.) өмірлік қиындықтарға жауап беру тәсілдерін анықтайтын когнитивті факторлардың рөлін атап көрсетеді [7].

Копинг мінез-құлықтың классикалық, ең көп келтірілген анықтамалары оны келесідей түсінуге мүмкіндік береді: адамды сынайтын немесе оның ресурстарын көтеретін жеке тұлғаның белгілі бір сыртқы немесе ішкі талаптарды басқару мақсатында үнемі өзгеріп отыратын когнитивті және мінез-құлық күштері ретінде; өзінің логикасына, адамның өмір маңыздылығына, оның психологиялық мүмкіндіктерімен сәйкес жағдаймен өзара әрекеттесудің жеке тәсілі ретінде [8]; адекватты тұлғалық ерекшеліктер және жағдайлармен саналанған әрекет стратегиясы арқылы, адамға ішкі шиеленіс және дискомфортпен күресуге көмектесетін әлеуметтік мінез-құлық немесе саналанған бейімделген әрекеттер (когнитивті, аффективті, мінез-құлықтық) кешені ретінде [9]. Соңғы уақытта бірқатар авторлар жеңуші мінез-құлық мәселесін жағдай, мәдениет талаптарын біріктіретін, тұлғалық ерекшеліктерді сынайтын және субъектінің ішкі және сыртқы реттеу процестерін қолданатын көп деңгейлі процесс ретінде қарастырады [10].

Осы субъективті келіс аясында Т.Л.Крюкова күресуші мінез-құлық факторларын ұсынды:

● диспозициялық (тұлғалық) – стрестік жағдайды сәтті жеңуге ықпал ететін немесе кедергі келтіретін тұлғаның ерекшеліктері;

● динамикалық (жағдайлық) – күресуші мінез-құлыққа тікелей немесе жанама әсер ететін жағдайдың қасиеттері;

● әлеуметтік-мәдени (экологиялық) – субъект әрекет ететін мәдениеттің ерекшеліктері мен шындықтары, сондай-ақ мәдени құндылықтарға негізделген жеңуші мінез-құлықты бағалау критерийлері;

● реттеуші-стрестік жағдайды жеңуге қатысатын реттеу және өзін-өзі реттеу процестері, сонымен қатар жеңуші мінез-құлық субъектінің өзін-өзі реттеу құрылымындағы деңгей ретінде түсініледі [11].

Жоғарыда копинг-мінез-құлық стратегиясы жалпы алғанда, күнделікті өмірдің психологиялық қиын жағдайларын біріктіретінін атап кеткен болатынбыз. «Қиын жағдайлар» кез келген адамның өзінің кәсіби немесе отбасылық өмірінде соқтығысатын өзара әрекеттегі маңызды күнделікті жағдайлар болуы мүмкін. Отбасылық өмірдің осындай «қиын» жағдайларының бірі қысым мен озбырлық немесе «тұрмыстық зорлық-зомбылық» болуы мүмкін. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» - бұл физикалық зорлық-зомбылық, экономикалық, психологиялық, жыныстық зорлық-зомбылық сияқты формалары бар әртүрлі әлеуметтік құбылыс болып табылады [12]. Тұрмыстық зорлық-зомбылық отбасы мүшелерінің қарым-қатынасына, олардың жеке дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына да теріс әсер етеді. Бұл құбылыс әртүрлі әлеуметтік мәртебесі бар отбасылардың бәрінде көрінеді, сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың пайда болуы ерлі-зайыптылардың жасына, неке өтіліне, қаржылық әл-ауқатқа және т.б. байланысты емес. Сонымен копинг стратегия – бұл тұрмыстық зорлық-зомбылықты бастан кешіретін әйелдер тұрақты стреспен күресу үшін жасайтын әрекеті. Қорғаныс механизмдері арқылы біз психологиялық стратегияларды түсінуімізге болады, олардың көмегімен адамдар конфликт, фрустрация, мазасыздық және стресс сияқты жағымсыз құбылыстардың қарқындылығын болдырмауға немесе төмендетуге тырысады [13].

О.А.Тихомандрицкаяның еңбегінде тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының ерекшеліктерін, отбасында зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің өздері және жұбайы туралы идеялар, сондай-ақ жанжалдарды шешу жолдарын, тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларымен күресу тәсілдерін зерттеу үшін, отбасындағы зорлық-зомбылыққа байланысты сенім телефонына жүгінген әйелдермен телефон арқылы сөйлесудің анонимді тіркеу жазбаларын алған. Кеңес беруді талдау нәтижесінде мұндай отбасыларда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық түрлері бар екендігі анықталды, бірақ соның ішінде психологиялық зорлық-зомбылық басым көрінген. Зерттеудің нәтижесі бойынша конфликт жағдайында белгілі бір копинг стратегияны таңдаудың себебі әйелдердің тұлғалық бітістеріне, өзін және жолдасын қабылдау ерекшелігіне, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық болып жатқан жағдайға байланысты екенін көрсетеді [14].

Д.Э.Синюк, О.А.Павлюковецтің тұрмыстық зорлық-зомбылыққа күйеуі тарапынан ұшыраған 25 әйелге жүргізген зерттеулерінде әйелдер стрестік жағдаймен күресу үшін эмоционалды-бағдарланған копингті қолданатынын анықтаған. Яғни олар сол стрестік жағдайды өзгертуге емес, ал өздерінің ішкі күйі мен жағдайды түсінуге ұмтылатынын көрсетеді. Олар өздерінің жағымсыз уайымдарын, позитивті қайта қарау арқылы жеңеді. Бұл дегеніміз тұрмыста болып жатқан стрестік жағдайға оң көзқараспен қарау, әйелдердің отбасындағы зорлық-зомбылыққа шыдап жүруін одан сайын жоғарылата беруіне әкеледі. Осы зерттеуде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің

копинг стратегияларының ішінде басым стратегиялар ретінде жауапкершілікті өзіне алу, қашу, жағымды қайта бағалауды көрсетеді [15].

И.В. Ювенскийдің «Күйеуін өлтірген дисфункционалды отбасындағы әйелдің қорғаныс және жеңуші мінез-құлқы» деген еңбегінде көп жылдық ішкі отбасылық деструкция жағдайында әйелдерде мазасыздық, тәуелді мінездік ерекшеліктердің қалыптасуымен стрестік жағдайларды жеңуде қиындықтарға тап болып және тиімді емес копинг-стратегияларды қолданатынын, жетілмеген психологиялық қорғаныс механизмі болатынын көрсетеді [16]. Ұзақ жылдар бойы отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдарынан қалыптасқан мұндай деструктивті копинг стратегиялар құрбан-әйелдердің өз жолдасын өлтіруге дейін әкелуі мүмкін деп тұжырымдайды.

Черемискина И.И. және оның қызметкерлері тұрмыстық зорлық-зомбылықты басынан кешірген әйелдерде конструктивті және конструктивті емес психологиялық қорғаныс механизмдері байқалатынын өз зерттеулерінде анықтаған. Бұл дегеніміз әйелдер жағдай типіне және ресурстық потенциалға байланысты өздерін әр қалай ұстайды. Мысалы, олардың жеке өзі үшін ауыр, төзімсіз және көп ресурстарды қажет ететін жағдайда, конструктивті емес қорғаныс механизмін қолданады. Керісінше, ресурстық потенциал жоғары және әйел үшін төзімді болып табылатын жағдайда, олар қорғаныстың конструктивті стратегиясын қолданады [17].

Шетелде жүргізілген зерттеулерге келетін болсақ Bhandari S. АҚШ-та тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған Оңтүстік Азияның 20 әйеліне тереңдетілген телефон сұхбатын жүргізіп, олардың жауаптарын талдай келе, олар көпшілігінде эмоцияға бағдарларған және мәселеге бағдарланған копинг стратегия қолданатынын көрсетеді. Эмоцияға бағдарларған копинг стратегия руханилық немесе дінге және балалардың рөліне, ал мәселеге бағдарланған копинг стратегия ресми емес және ресми қолдауға негізделеді [18]. Бұл дегеніміз әйелдер отбасындағы қиындықпен күресу үшін өз эмоциясын басуға, балаларымен алдануға ұмтылады немесе түрлі ұйымдардың көмегіне жүгінеді.

Zink T. және оның әріптестерімен жүргізген өмір бойы тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген егде жастағы әйелдердің күресу стратегиясының ерекшелігін зерттеуі маңызды болып табылады. Зерттеуде 55 жастан жоғары 38 әйелге сұхбат жүргізілген. Зерттеуден алынған нәтижелерге жүйелі талдау жүргізу нәтижесінде қорлық қарым-қатынастағы әйелдер өзгермейтін жағдайдың мағынасын табу үшін негізінен когнитивті (эмоцияға бағытталған) стратегияларды қолданған. Өздерін, жұбайларын және өзара қарым-қатынастарын асыра бағалай отырып, олар энергияны белгілі бір рөлдерге қайта бағыттайды, зорлық-зомбылық жасаушылармен қарым-қатынаста шекара белгілейді және басқаларға (достарына, отбасына және қоғамдық ұйымдарға) жүгінді. Кейбір әйелдер мәселені шеше алса, енді біреулері зорлық-зомбылыққа шыдап, ерлі-зайыптылық бірлікті сырттай сақтап отырғанын көрсетеді. Бұл зерттеуде егде жастағы зорлық-зомбылық көрген әйелдердің копинг стратегиясын түсіну, әрі қарай олардың стрестік жағдайды тиімді жеңу стратегияларын табуға мүмкіндік береді [19].

Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдерге жұбайларының қатігездік қатынастың жиілігі мен қиындықты белсенді жеңу арасындағы

корреляциялық байланысты қарастырған зерттеулерді де көрсетуге болады. Gondolf and Fisher [20] дағдарыс орталығына жүгінген әйелдер, дағдарыс орталығына жүгінбеген әйелдерге қарағанда жиі қатаң зорлық-зомбылыққа ұшырайтынын анықтаған. Бұл дегеніміз әйелдерде тұрмыста зорлық-зомбылық көрінісі жиілеген сайын, соншалықты олардың кейбір белсенді копинг стратегияларды қолдануы арасында байланыс бар деген ді тұжырымды жасауға мүмкіндік береді. Дәл осындай зерттеуді, яғни қатаң зорлық-зомбылықтың жиілігі мен түрлі белсенді, жеңуші мінез-құлық, белсенді когнитивті жеңу және қашу формалары арасындағы байланысты Mitchell and Hodson [21] зерттеді. 60 әйелден тұратын таңдауда олар әйелдердің физикалық зорлық-зомбылық жиілігінің артуымен қашу копинг стратегиясын қолдануы артатынын анықтады. Алайда бұл зерттеуде ұру жиілігі мен белсенді когнитивті немесе мінез-құлықтық жеңу деңгейі арасында маңызды корреляция табылған жоқ.

Бұл нәтижелер Gondolf and Fisher зерттеу нәтижелеріне қарама-қайшы келетін сияқты. Мысалы, зорлық-зомбылықтан қашудың белсенді стратегиялары (мысалы, дағдарыс орталығын пайдалану, қамқорлық, соттық қудалау) қарым-қатынас кезінде қолданылатын белсенді стратегияларға қарағанда (мысалы, құқық бұзушымен дауласу, полицияға қоңырау шалу, жақындарымен сөйлесу) басқа контекстер және предикторлармен байланысты болуы мүмкін.

Кейбір зерттеушілер әйелдердің алдыңғы күресу стратегия нәтижелері, болашақта қиындықтармен күресуге қалай әсер ететінін көрсетеді. Мысалы Walker, L.E. [22] өзінің еңбегінде зорлық-зомбылықты тоқтатуда жасаған көптеген сәтсіз әрекеттерінің нәтижесінде қалыптасқан дәрменсіздік дамитынын және өткен өмірінде қолданған стратегияларды қолданудан бас тартатынын көрсетеді. Сонымен қатар «Әйелдердің тұрмыстық зорлық-зомбылыққа деген реакциясын түсіну» деген еңбегінде Dutton, M.A. әйелдердің сәтсіз стратегияларды қолдануда қалыптасқан тиімсіз үйрену модельдерін ұсынады [23]. Оған мысал ретінде әйелдер полиция қызметкерлерін шақырып, алайда олар ешқандай шара қолданбауы немесе туыстарынын көмектесуден бас тартуы және т.б. келтіреді. Міне қиындықтармен күресу үшін әйелдердің қолданған осындай копинг стратегиялары оң нәтиже бермеуі, олардың амалсыздан зорлық-зомбылыққа төзуіне әкеледі.

Пәкістанның Карачи университеті, клиникалық психология институтында тұрмыстық зорлық-зомбылықты көрген және көрмеген әйелдердің стреспен күресу мінез-құлқын зерттеген. Жүргізілген зерттеу бойынша зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер, зорлық-зомбылық көрмеген әйелдермен салыстырғанда эмоционалды-бағдарланған, мәселені шешуге бағадрланған күресу стратегиялары төмен деңгейде болатынын анықтаған. Зерттеу нәтижесі зорлық-зомбылықпен күресу мінез-құлық стиліне әсер ететінін көрсете отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдерге тиімді терапиялық стратегияны өңдеуде күресу мінез-құлық стилін ескеру керек деп тұжырымдайды [24]. Дәл осындай зерттеу нәтижесін «Күйеулердің әйелдерге көреткен зорлық-зомбылықпен күресу стратегиялары: әдебиеттерге шолу» деген еңбекте зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер зорлық-зомбылықтың деңгейін төмендету үшін эмоционалды копинг стратегияны, яғни рухани терапия қолданатынын көрсетеді. Бұл зерттеуде серіктестің жасаған зорлық - зомбылықтың

құрбаны болған әйелдер жиі қолданатын стратегияларға эмоцияларға бағдарлану (48%), мәселені шешуге бағдарлану (35,3%) және қашуды (16,7%) көрсетеді. Демек, эмоцияға бағытталған стратегиялар басым күресу стратегиясы болып табылады және құрбан-әйелдердің көпшілігі жиі қолданады. Сондай ақ осы еңбекте индонезиялық құрбан-әйелдер мәселені шешуге және эмоционалды бағдарланған копинг стратегияны жиі қолданатынын және олардың әрбір үшінші әйел күйеуімен ажырасқысы келетінін көрсеткен. Ал Балтимор, Мэриленд, АҚШ-тың құрбан-әйелдерінде тірі қалған африкан иммигранттары стресті жеңудің көптеген стратегияларын қолданады. Соның ішінде руханилыққа сену және ресми немесе ресми емес дағдарыс орталықтарының көмегіне жүгіну стратегиясы басымырақ [25].

Моңғол әйелдері арасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың таралуы мен тәуекел факторларын зерттеуде ғалымдар әлеуметтік институт ретінде «отбасында тұрмыстық жағдайдағы зорлық-зомбылық адам құқықтары құндылықтарын бұзудың артуына әкеліп соғуда» [26] деген тұжырымды алға тартады.

Жоғарыда берілген зерттеулерден көріп отырғанымыздай құрбан әйелдердің тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күресу үшін қолданатын копинг стратегиялары бойынша ресейлік зерттеулердің көпшілігінде құрбан-әйелдердің қолданатын басым стратегияларын анықтаған. Ал шетелдік зерттеулерде құрбан-әйелдердің қолданатын басым стратегияларына әсер ететін факторлар, яғни тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ұзақтығы, құрбан әйелдердің жасы, сәтсіз стратегияларды қолдануда қалыптасқан тиімсіз үйрену модельдері, физикалық зорлық-зомбылықтың жиілігі арасындағы байланысты қарастырған.

Копинг стратегия бойынша отандық зерттеулер аз, оның ішінде көпшілігінде копинг мінез-құлықтың сипаттамасы [27] әскери және т.б. саладағы [28], болашақ мамандардағы копинг мінез-құлықтың ерекшелігі [29] жасөспірімдердің қолданатын копинг стратегиясы [30]. қарастырылған. Ал тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбан-әйелдерінің қиындықты жеңуде қолданатын копинг стратегиясын эмпирикалық зерттеу жоқ. Бұл біздің жүргізіп отырған зерттеуіміздің өзекті екендігін көрсетеді. Осыған орай біз зерттеуімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер мен қалыпты отбасындағы әйелдердің қолданатын копинг стратегиялары арасындағы айырмашылықты анықтауға тырыстық.

## Зерттеу әдістері

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің копинг стратегияларының ерекшелігін анықтау мақсатында біз зерттеуімізде С.Хобфоллдың «Стрестік жағдайларды жеңу стратегиялары (SACS)» сауалнамасын қолдандық. Сауалнаманы Н.Е. Водопьянова мен Е.С.Старченкова бейімдеген. Бұл сауалнама қиын (стрестік) жағдайларды жеңудің таңдаулы стратегияларын анықтауға арналған. С.Хобфолл күресуші мінез-құлықты ситуациялық контекске байланысты когнитивті-мінез-құлық әрекеттерінің жиынтығы ретінде қарастырады. Ұсынылған модельде 2 негізгі ось бар: просоциалды-асоциалды, белсенді-пассивті және бір қосымша ось еңгізілген:

тура-жанама. Ось мәліметтері жалпы күресу стратегияларының өлшемдерін білдіреді. Просоциалды және асоциалды осьті енгізу мыналарға негізделген: а) көптеген өмірлік стресстер тұлғааралық компонентке ие, б) тіпті жеке күресу әрекеттерінің де ықтимал әлеуметтік салдары бар, в) жеңу әрекеті көбінесе басқа адамдармен өзара әрекеттесуді қажет етеді, г) белсенді және пассивті күресу стратегиялары әртүрлі әлеуметтік-психолологиялық контекстe болуы мүмкін.

Сауалнама респондент 5 балдық жүйе бойынша жауап беретін 54 тұжырымнан тұрады. Кілтке сәйкес күрделі (стрестік) жағдайда мінез-құлықтың қандай да бір модельдің артықшылық беру дәрежесін көрсететін әрбір шкала бойынша балл сомасы есептеледі.

Сауалнамада жеңуші мінез құлықтың тоғыз моделі бар:

1. Ассертивтік (сенімді) әрекет
2. Әлеуметтік байланысқа түсу
3. Әлеуметтік қолдау іздеу
4. Сақтық әрекет
5. Импульсивті әрекет
6. Қашу
7. Манипуляциялық (тура емес) әркет
8. Асоциалды әрекет
9. Агрессивті әрекет (қысым, балама әркеттерді іздеуден бас тарту)

Нәтижелерді талдау зерттелетін (кәсіби, жас және т.б.) топтағы жеңуші модельдің орташа мәндерімен әрбір субшкала бойынша нақты адамның деректерін салыстыру негізінде жүргізіледі. Жеке және топтық орташа көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде зерттелетін адамдар санатына қатысты сол адамның мінез-құлқының ұқсастығы немесе айырмашылықтары туралы қорытынды жасалады.

## Талқылау

Эксперименталды зерттеу Астана қ. КММ «Үміт» дағдарыс орталығында жүргізілді. Зерттеуге тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған 21 әйел және қалыпты отбасындағы 25 әйел қатысты. Зерттеуде эксперименталды топ құрбан-әйелдер, ал бақылау тобы қалыпты отбасындағы әйелдер болып табылады. Құрбан-әйелдер мен қалыпты отбасындағы әйелдердің копинг-стратегия ерекшелігін анықтау үшін жүргізілген С.Хобфоллдың «Стрестік жағдайларды жеңу стратегиялары (SACS)» сауалнамасынан алынған нәтижелерді төмендегі 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1

Құрбан-әйелдер мен қалыпты отбасындағы әйелдердің копинг-стратегиясының ерекшеліктері

| № П/П | Күресу стратегиялары | Мінез-құлық (әрекет) моделы | Таңдау топтары | Күресуші модель-дердің көріну дәре-жесі | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Белсенді | Ассертивтік (сенімді) әрекет | Экспер. топ | 21 | орташа |
| | | | Бақы.тобы | 20 | орташа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Просоциалды | Әлеуметтік байланысқа түсу | Экспер.топ | 23 | орташа |
| | | | Бақы.тобы | 21 | төмен |
| 3 | Просоциалды | Әлеуметтік қолдау іздеу | Экспер.топ | 23 | орташа |
| | | | Бақы.тобы | 23 | орташа |
| 4 | Пассивті | Сақтық әрекет | Экспер.топ | 23 | орташа |
| | | | Бақы.тобы | 23 | орташа |
| 5 | Тікелей | Импульсивті әрекет | Экспер.топ | 20 | жоғары |
| | | | Бақы.тобы | 17 | орташа |
| 6 | Пассивті | Қашу | Экспер.топ | 19 | жоғары |
| | | | Бақы.тобы | 18 | жоғары |
| 7 | Жанама | Манипуляциялық (тура емес) әркет | Экспер.топ | 17 | орташа |
| | | | Бақы.тобы | 17 | орташа |
| 8 | Асоциалды | Асоциалды әрекет | Экспер.топ | 16 | орташа |
| | | | Бақы.тобы | 15 | орташа |
| 9 | Асоциалды | Агрессивті әрекет (қысым, балама әркеттерді іздеу-ден бас тарту) | Экспер.топ | 19 | жоғары |
| | | | | 17 | орташа |

Кестеде берілген нәтижелер бойынша құрбан-әйелдердің копинг- стратегиясына мынандай түсіндірме беруге болады:

**1. Жеңу стратегиясы: белсенді.**

*Мінез-құлық (әрекет) моделі:* тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің өз қызығушылықтарын белсенді және дәйекті түрде қорғайтын, басқалардың қызығушылықтарын құрметтей отырып, өзінің мақсаттары мен ниеттері туралы ашық мәлімдейтін ассертивті әрекеттер орта дәрежеде. Құрбан-әйелдер өз мәселелерін шешуде жоғарғы белсенділікке ұмтылмайды.

**2. Жеңу стратегиясы: проәлеуметтік.**

*Мінез-құлық (әрекет) моделі:* құрбан-әйелдердің басқалармен бірлескен күш-жігермен сыни жағдайды тиімдірек шешу үшін әлеуметтік байланысқа түсуі орта деңгейде. Бұл дегеніміз зорлық-зомбылықты басынан кешіріп отырған әйелдерге қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, тиімді шешім қабылдауды күшейту керек.

**3. Жеңу стратегиясы: проәлеуметтік.**

*Мінез-құлық (әрекет) моделі:* құрбан-әйелдер тұрмыстағы зорлық-зомбылықтық, стрестік жағдайларды шешу үшін әлеуметтік қолдауды іздеуге, өз бастан кешулерін басқа адамдармен бөлісуге, олармен жағдайды талқылауға, олардан жанашырлық пен түсіністік табуға ұмтылуы орта деңгейде.

**4. Жеңу стратегиясы: пассивті.**

*Мінез-құлық (әрекет) моделі:* сақтық әрекет – құрбан болған әйелдер әрекет етпестен бұрын тұрмыстағы мәселені шешу үшін барлық ықтимал шешімдерді ұзақ ойланады және мұқият өлшейді, тәуекелге бармайды, сеніммен әрекет етпейді, әрекет жасамас бұрын қиын жағдайларда ұзақ уақыт дайындалуы жоғарғы деңгейде.

**5. Жеңу стратегиясы: тікелей.**

*Мінез-құлық (әрекет) моделі:* құрбан-әйелдердің импульсивті әрекеттер, сыртқы жағдайлардың немесе эмоциялардың әсерінен, өзінің әрекеттері туралы алдын-ала ойланбастан, барлық артықшылықтар мен кемшіліктерді өлшемей және ең орынды және негізделген шешімдер қабылдамай, бірінші импульс бойынша әрекет етуге бейімділігі жоғары.

**6. Жеңу стратегиясы: пассивті.**

*Мінез-құлық (әрекет) моделі*: құрбан-әйелдердің үлкен шиеленісті және мәселенің салдары үшін жауапкершілікті қажет ететін шешуші әрекеттерден аулақ болу, жанжал жағдайынан алшақтауға, туындаған мәселені шешуді кейінге қалдыруға, басқа нәрсе туралы ойлануға, басқа әрекеттер мен жұмыстарға алаңдауға ұмтылуы, сондай ақ мәселені шешуден қашуы жоғары деңгейде.

**7. Жеңу стратегиясы: жанама.**

Мінез-құлық (әрекет) моделі: манипуляциялық әрекеттер- әйелдердің өздерінің жолдастарының белгілі бір күйлерді бастан кешіруге, шешім қабылдауға және өз мақсатына жетуі үшін қажетті әрекеттерді орындауға әдейі және жасырын әрекеттерге итермелеуі орта деңгейде.

**8. Жеңу стратегиясы: асоциалды.**

*Мінез-құлық (әрекет) моделі:* құрбан-әйелдердің әлеуметтік рұқсат етілген шеңберлер мен шектеулерден асып кету тенденцияларымен, эгоцентризммен, басқа адамдардың жағдайлары мен қызығушылықтарын ескермей, өз қалауын қанағаттандыруға ұмтылуымен сипатталатын асоциалды әрекеттері орта деңгейде.

**9. Жеңу стратегиясы: асоциалды.**

*Мінез-құлық (әрекет) моделі:* басқа адамдармен сәтсіздіктер мен конфликтілер кезінде жағымсыз сезімдерді сезіну тенденциясында, айналасындағыларды бір нәрсеге кінәлауда, сезімді, ашулануды, тітіркенуді, ішкі шиеленісті, көңілсіздікті, қанағаттанбауды сезіну үрдісінде көрінетін басқа адамдарға бағытталған агрессивті әрекеттер жоғары деңгейде.

Ал енді қалыпты отбасындағы әйелдерде құрбан-әйелдерге қарағанда просоциалды стратегия болып табылатын әлеуметтік байланысқа түсу мінез-құлық моделі төмен дәрежеде. Бұл дегеніміз құрбан әйелдер стресс жағдайында сыртқы қоршаған ортаның көмегіне жүгінбей мәселені дербес шешуге тырысады. Импульсивті, агрессивті әрекеттерге бара бермейді. Себебі қалыпты отбасындағы әйелдерде асоциалды копинг-стратегиялар орта дәрежеде.

Екі топ бойынша әйелдердің қандай копинг-стратегияны қаншалықты қолданатыны бойынша проценттік шамасы есептелінді. Нәтижесі 1-суретте ұсынылып отыр.




Сурет 1. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбан-әйелдері мен қалыпты отбасындағы әйелдердің копинг-стратегиялардың пайыздық шамасы

Суреттен көріп отырғанымыздай екі топ бойынша әрбір копинг стратегияда үлкен айырмашылықтар жоқ. Қалыпты отбасына қарағанда құрбан-әйелдерде агрессивті, асоциалды, импульсивті әрекеттерде 1% ғана жоғарырақ. Ал бақылау тобындағы әйелдерде құрбан-әйелдерге қарағанда әлеуметтік байланысқа түсу 1% ғана жоғары.

Эксперименталды және бақылау тобындағы әйелдердің қиын жағдайларда қолданатын копинг стратегиялары арасында айырмашылықты анықтау үшін Стъюденттің t-критерийі қолданылды. Математикалық статистика SPSS 27. бағдарламасы арқылы жасалынды. Алынған нәтижелер 2-суретте берілген.


*ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497*

Кесте 2

Эксперименталды және бақылау тобындағы әйелдердің қиын жағдайларда қолданатын копинг стратегиялары арасында айырмашылықтың мәні

| | Ливин дис-персия-сының теңдік крите-рийі | Тәуелсіз топтарға арналған критерий | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | t-Орташа теңдік критерийі | | | | | | | |
| | F | мән | т | ерк. дәре-жесі | мән (екі жақты) | Орташа айыр-машы-лық | Айыр-машы-лықтың орташа квадрат-тық қателігі | 95% айырмашылықтар үшін сенімді интервал | |
| | | | | | | | | Төменгі | Жоғарғы |
| Белсенді | 0,086 | 0,772 | 0,583 | 22 | 0,566 | 0,76923 | 1,31973 | -1,96773 | 3,50619 |
| | | | 0,592 | 22,000 | 0,560 | 0,76923 | 1,29949 | -1,92576 | 3,46422 |
| Просоци-алды | 0,050 | 0,825 | 1,046 | 22 | 0,307 | 1,88112 | 1,79823 | -1,84818 | 5,61042 |
| | | | 1,061 | 21,999 | 0,300 | 1,88112 | 1,77234 | -1,79449 | 5,55673 |
| Просоци-алды | 0,380 | 0,544 | -0,018 | 22 | 0,986 | -0,04196 | 2,35743 | -4,93096 | 4,84704 |
